

Ақсу ауданында интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 905 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылды 14 желтоқсанда № 2-4-141 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 336 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 21.07.2016 № 336 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықтың ұйымыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5 -6) тармақшасына сәйкес, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды ұйымыспен қамтамасыз ету үшін аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Меншік құқығына қарамастан, Ақсу ауданының үйымдары мен мекемелерінде, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір процент мөлшерінде квота белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дүйсембаев